

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған
«Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту»
біліктілікті арттыру курстары

Бағдарлама авторлары:

- Қапантайқызы Шынар тіл білімі кафедрасының профессоры

Бағдарлама мыналарды ескере отырып құрастырылған:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптары;

- Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптары.

**Образовательная программа курса повышения квалификации
«Ценностно-ориентированное обучение казахскому языку и литературе»
для учителей казахского языка и литературы**

Жоба

Жалпы ережелер

1. «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту» курсының бағдарламасының мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, бағдарламаны іске асыру тәсілін, курстың көлемі мен тыңдаушылардың мақсатты тобын, күтілетін нәтижелер мен оқыту нәтижелерін бағалау өлшемдерін анықтайды.

2. «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту» курсының бағдарламасы тыңдаушылардың педагогикалық қызметін, білім, білік, дағдылар жүйесін жетілдіреді. Бағдарлама мазмұнында бастауыш және орта білім беру жүйесіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің біліктілігін арттырудың педагогикалық, психологиялық, аксиологиялық тенденциялары ескерілген.

Глоссарий

1) құндылық – белгілі бір заттың, құбылыстың, қасиеттерінің маңыздылығы, керектігі, адамның өмірлік ұстанымдары мен әрекеттеріне әсері;

2) құндылық бағдар – маңызды жеке құндылықтары мен өмірлік мақсаттар ретінде әрекет ететін тұлғаның анықталған ұмтылыстары, тілектері, қажеттіліктері; тұлғаның маңызды жеке құндылықтарына ұмтылуына әсер ететін ой-санасы, пікірі, көзқарасы, сенімі, іскерлігі, тілектері, қажеттіліктері, мүмкіндігі;

3) құндылық бағдарлы оқыту – білім беру үдерісіндегі құндылықтың рөлі мен орнын тереңдететін, құндылықтарға бағдарланатын гуманистік білім берудің маңызды бағыттарының бірі; жас ұрпақтың тілге, әдебиетке, салт-дәстүр мен тарихқа деген құрметін ояту арқылы құндылық бағдарын қалыптастыру;

4) ана тілін құндылық ретінде бағалау – адамның ана тілін сұлулық, тұтастық, үйлесімділік, ұлылық сынды құнды қасиеттер арқылы сезіну және түсіну, тілді таным, қарым-қатынас құралы ретінде қабылдау; ана тілі туралы білім аясын кеңейту, жинақталған білімді сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, тілді сақтау, қастерлеу және дамытуда белсенді позицияны ұстану қабілеті;

5) туған әдебиетке құндылық көзқарас - адамның туған әдебиетті халықтың негізгі ұлттық-мәдени құндылықтарының бірі және өмірді

танудың ерекше тәсілі ретінде түсіну қабілеті; өз халқының мәдениеті мен әлемдік мәдениеттің көрнекті туындыларын зерттеу негізінде ана тілінің коммуникативтік және эстетикалық мүмкіндіктерін сезіну;

6) ұлттық құндылықтар - белгілі бір этникалық қауымдастықтар өкілдерінің тарихи ерекшелігі көрініс табатын рухани идеалдарының жиынтығы; әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары, ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы;

7) жалпыадамзаттық құндылықтар – адам туралы философиялық ілім мен аксиологияны оқытатын пәннің маңызды құрамдастары жүйесіне енетін түсініктер кешені;

8) рухани құндылықтар – белгілі бір қоғамда орныққан философиялық, моральдық, құқықтық, эстетикалық, діни, саяси идеялар.

9) эстетикалық құндылықтар – адамның кез келген әрекеті үдерісінде (ең алдымен өнерде) сұлулық пен кемелдік заңдарына негізделген дүниені бейнелі түсіну құндылықтары;

10) аксиологиялық тәсілдеме – зерттеу нысанын адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған құндылықтар тұрғысынан қарастыратын зерттеу бағыты;

11) ұлттық білім беру жүйесінің міндеті – өз халқының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлейтін және оны жалпыазаматтық рухани құндылықтармен ұштастыра алатын тұлға тәрбиелеу;

12) Оқу-тәрбие үдерісінің тұтастығы – бала өмірін жақсы бағытқа өзгертетін және бағыттайтын құндылықтар мен мақсат-міндет, әдіс-тәсілдердің бірлігін ұйымдастыру.

13) педагогтің өзін-өзі кәсіби тұрғыдан тәрбиелеуі – өз педагогикалық қызметін құндылық деп тануы, соған сәйкес амал-әрекеттер жасап, әдістер мен тәсілдерді, іс-әрекет технологияларын, оларды пайдалану біліктері мен дағдыларын өз бетінше үздіксіз жетілдіріп отыруы.

Бағдарлама тақырыбы

3. «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту» біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

4. Бағдарламаның мақсаты: қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту

үдерісін құндылық бағдарлы ұйымдастыруда бастауыш, орта білім беру жүйесі мұғалімдерінің білімін жаңартып, жаңғырту және кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасау.

5. Бағдарламаның міндеттері:

1) тыңдаушыларды білім беру жүйесіне арналған заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріндегі жаңартулармен, сыныпта оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың мазмұнымен, оқытудың заманауи білім беру технологияларымен таныстыру;

2) мұғалімдердің кәсіби ұстанымдарын жаңартып, жаңғырту арқылы кәсіби құндылық бағдарын айқындауға мүмкіндік жасау;

3) қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін құндылық бағдарлы оқытуда оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың жаңаша әдіс-тәсілдерімен таныстыру;

4) оқу іс-әрекеттерін құндылық бағдарлы ұйымдастырудың тиімді жолдарын меңгерту;

5) пән бойынша теориялық білімдерін тереңдету, кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру және әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

6) ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуының қазіргі құндылық бағдарлы даму жағдайында педагогикалық үдеріске заманауи идеяларды, әдістерді, технологияларды енгізу.

6. Бағдарламадан күтілетін нәтижелер:

Тыңдаушылар курс барысында:

1) Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері нормативтік құқықтық актілеріндегі жаңартулармен мемлекеттік саясат басымдықтарының мәнін;

2) пәндік үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын және оны жүзеге асырудың педагогикалық-психологиялық бағыттарын, оқытудың заманауи білім беру технологияларын;

3) оқушылардың құндылық бағдарын дамытуда қолданылатын тәрбиелеудің әр алуан түрлі кіріктірілген тәсілдерін;

4) құндылық бағдарды қалыптастыруға арналған іс-әрекетті ұйымдастыру бағытындағы педагогикалық қызметтің жекелеген компоненттерін жобалауды;

5) үздік педагогикалық тәжірибелерді насихаттауды, аттестациядан өтуде, біліктілікті арттыруда психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету негіздерін;

7) оқушының құндылық бағдарының қалыптасу барысын анықтаудың психологиялық-педагогикалық диагностикасын;

8) қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқыту үдерісі жағдайындағы шығармашылық қызмет арқылы өзара қарым-қатынас психологиясын;

9) қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында құндылық бағдар қалыптастырудың заманауи педагогикалық технологияларын;

10) оқушының құндылық бағдарын қалыптастырудағы мектеп пен отбасының өзара қызметтерінің байланыс тетіктерін меңгереді.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

7. Бағдарлама 4 (төрт) негізгі модульден тұрады:

- 1) Нормативтік құқықтық модуль;
- 2) психологиялық-педагогикалық модуль;
- 3) теориялық-технологиялық модуль;
- 4) практикаға бағдарланған модуль.

8. Нормативтік құқықтық модуль бастауыш, орта білім беру мекемелеріне арналған заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріндегі жаңартулармен, оқу іс-әрекетін құндылық бағдарлы ұйымдастырудың мазмұнымен білім беруді жаңғырту бағыттары бойынша сұрақтарды қарастырады.

Модульдің болжалды тақырыптары:

1) Бастауыш, орта білім беру жүйесінде білім беру бағдарламаларын іске асыратын педагогтар қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құжаттардың құқықтық негіздері.

2) Нормативтік-құқықтық құжаттардағы өзгерістер және бастауыш, орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидалары.

3) Бастауыш, орта білім беру үдерісін құндылық бағдарлы ұйымдастыру моделін жүзеге асыру контекстінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгертудің ерекшеліктері.

4) Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, бастауыш, орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламасындағы өзгерістер мен толықтырулар.

9. Психологиялық-педагогикалық модуль оқшылардың құндылық бағдарын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері туралы білімді жетілдіруді, жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушының тұлғасын дамытуды, педагогикалық ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынас және келіспеушіліктердің алдын алу мәселелерін қарастырады.

Модульдің болжалды тақырыптары:

1) Педагогтың кәсіби дамуы мен бастауыш, орта білім беруге қойылатын жаңа Қазақстан қоғамындағы заманауи талаптар.

2) Педагогтің күнделікті жұмысындағы кәсіби біліктілігін дамыту және оны жүзеге асыру жолдары.

3) Оқушының даму ерекшеліктерін ескере отырып, құндылық бағдарын жоспарлаудың жаңашыл бағыттары.

4) Барлық қатысушылардың кәсіби құзыреттілігі – әлеуметтік-педагогикалық саладағы балаларға арналған педагогтің қызметін ұйымдастырудың бағыттары.

10. Теориялық-технологиялық модуль жаңа педагогикалық, жобалық және зерттеу технологияларын, бастауыш, орта білім беру жүйесі педагогтары қызметінің мазмұны мен нысандары, оларды қолдану ерекшеліктері, негізгі күтілетін нәтижелерді ашады.

Модульдің болжалды тақырыптары:

- 1) Құндылыққа негізделген оқытудың теориялық-әдістемелік негіздері.

2) Тұлға құрылымындағы құндылық бағдарлар бағдарлар классификациясы, оларды анықтау, дамыту тәсілдері.

3) Тілдік және әдеби білім берудің аксиологиялық негіздері.

4) Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сын тұрғысынан ойлау арқылы терең тану, сезіну және амал-әрекет жасау әрекеттері.

11. Бағдарламаның тәжірибеге бағдарланған модулі практикаға бағдарланған білімге көшу жағдайында педагогикалық қызметті жетілдіруге, білім алушы тұлғасының құндылық бағдарын қалыптастыру бойынша практикалық сабақтар барысында меңгеру мүмкін болатын инновациялық жобаларды іске асыруға ықпал етеді.

Модульдің болжалды тақырыптары:

1) Құндылық бағдарлы оқыту сабақтарының түрлері, мақсат-міндеттері, ұстанымдары, үлгілері.

2) Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту технологиялары, интерактивті формалары мен әдістері.

Бағдарлама тақырыптары

№	Модульдердің аталуы	Академиялық сағаттар саны	Оның ішінде	
			теория	практика
1.	Нормативтік құқықтық модуль	6	6	0
1.1	Кіріспе. Бастауыш, орта мектеп жүйесі педагогтарының қызметін реттеудің заңнамалық және нормативтік құқықтық негіздері	2	2	-
1.2	Бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру жүйесінде тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. Бастауыш, негізгі, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары.	4	4	-
2	Педагогикалық-психологиялық модуль	10	4	6
2.1	Мектеп жасындағы баланың психикалық процестерінің дамуы. Оқушы дамуының психологиялық ерекшеліктері. Оқушы іс-әрекетінің психологиялық сипаттамасы және дамыту жолдары. Мектеп жасындағы оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері	4	2	2
2.2	Психологиялық-педагогикалық когнитивтік ортада мектеп оқушыларымен тұлғаға бағытталған өзара әрекеттесу. Қазіргі	6	2	4

	оқушылардың жас ерекшеліктері және оның оқу үдерісін ұйымдастыруға әсері			
3	Теориялық технологиялық модуль	28	10	18
3.1	Құндылыққа негізделген оқытудың теориялық негіздері. Түркітану іліміндегі, Алаш зиялылары еңбектеріндегі құндылық бағдарлы білім беру жайлы көзқарастар. Оқу-тәрбие әрекетін құндылық-бағдарлы жүзеге асыратын педагогқа қойылатын талаптар	5	2	3
3.2	Құндылықтар мен құндылық бағдарларды анықтауда қолданылатын тәсілдер. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың классификациясы. Тұлға құрылымындағы құндылық бағдарлар	5	2	3
3.3	Тілдік және әдеби білім берудің аксиологиялық негіздері. Құндылық бағдарды дамытудағы педагог қызметі. Оқу үдерісіндегі танымдық және зерттеушілік әрекеттің құндылық бағдар қалыптастырудағы маңызы.	6	2	4
3.4	Оқушының сын тұрғысынан ойлау қабілетін, шығармашылық дағдылары мен зерттеу іс-әрекетін құндылық бағдарлы дамытудағы педагогтің қызметі. Шеберлік сағаттары	6	2	4
3.5	Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды терең тану, сезіну және амал-әрекет жасау әрекеттерін дамытудағы педагогтің қызметі.	6	2	4
4	Тәжірибеге бағдарланған модуль	36	0	36
4.1	Мектеп жасындағы балалардың қазақ тілі мен әдебиетіне құндылық көзқарасын тәрбиелеу. Балалардың қазақ тіліне құндылық көзқарасын тәрбиелеудің педагогикалық шарттары. Мәдени және эмоционалды бай педагогикалық ортаны ұйымдастыру, оның ішінде балалардың тіл шығармашылығының көрінуіне жағдай жасау. Педагогтар мен ата-аналардың тіл мәдениетінің мәнін, құрылымын және құбылыс ретіндегі критерийлерін түсінуіне бағытталған ортақ жұмыстар түрлері. Көркем әдебиет оқу. Мәдени, этимологиялық, аксиологиялық тәсілдер элементтерімен сөздік жұмысы. Мақал-мәтелдермен, фразеологиялық бірліктермен жұмыс. Әңгімелесу, әр түрлі сөздік ойындар, лексикалық, грамматикалық және фонетикалық	10		10

	мазмұны бар жаттығулар, рөлдік ойын, драматизация. Қазақтың ұлттық мерекелері.			
4.2	Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері. Оқушылардың құндылық бағдарларын қалыптастыру. Қазақ тілі мен әдебиетінің құндылық-бағдарлы сабағы: үлгі, компоненттердің мазмұндық аспектілері, ұсыныстар мен талдаулар. Мән бере оқыту технологиясы. Құндылық бағдарлы оқыту сабақтарының мақсат-міндеттері. Тіл мен әдебиетті оқытудың музейлік формалары (сабақ-экскурсия, сабақ-лекция, сөз өнеріне баулу, жоба қорғау және т.б.)	10	0	10
4.3	Әдебиет пәнін құндылық бағдарлы жүргізудің формалары мен дістері. Қазақ әдебиетін құндылық бағдарлы оқыту тәжірибесі. Бастауыш және орта сыныптарда құндылыққа бағытталған оқытуды жүзеге асыру технологиялары. Құндылыққа бағытталған сабақты жүзеге асыру ұстанымдары. Әдебиет пен тіл сабақтарын байланыстыру жолдары. Әдебиеттегі мәтін – тіл сабағының талдау нысаны ретінде.	8	0	8
4.4	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың этномәдени компоненті. Аймақтық компонент. Құндылық бағдарлы оқытуда қазақ этнопедагогикасы материалдарын пайдалану. Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағын құндылық бағдарлы ұйымдастырудың интерактивті формалары мен әдістері.	6	0	6
4.4	Құндылық бағдарлы оқыту үдерісіне ата-аналарды тартудың тиімді жолдары. Ата-аналарға кеңес берудің заманауи үлгісі. Баланың бойына көркем сөз өнерін дарытудағы ата-ананың рөлі. Кітап оқитын отбасы - кітап оқитын ана – кітап оқитын бала. Сабақтан тыс уақытта оқуға ұсынылатын көркем әдебиеттер.			
4.5	Авторлық бағдарлама және оқу әдістемелік көмекші құралдар дайындаудың құрылымы мен мазмұны. Мақала жазу. Эссе жазу. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің портфолиосы.	2		2
4.5	Барлығы - 80	80	30	50

Оқу үдерісін ұйымдастыру

12. Біліктілікті арттыру курсы күндізгі оқыту тәртібінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес оқу-тақырыптық жоспар бойынша ұйымдастырылады. Курстың ұзақтығы 80 сағатты құрайды.

13. Білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімдерін бақылау және бағалау үшін:

- 1) өзіндік жұмыс;
- 2) жобаны презентациялау;
- 3) зерттеу жұмысы;
- 4) қорытынды бағалау және басқалар жүргізіледі.

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

14. Бағдарлама мазмұнын игеру мақсатында әзірленген материалдар:

1) тыңдаушыға арналған нұсқаулық – бұл курс тыңдаушыларын курстық оқыту және курстан кейінгі қолдау үдерісінде қолдануға арналған оқу-әдістемелік құрал;

2) тыңдаушыға арналған слайдтар, бейнежазбалар және қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру тәжірибесінен практикалық үлгі материалдар;

3) таныстырылым материалы – көрнекі/графикалық формада ұсынылған негізгі материал.

4) үлестірме материал – тыңдаушылардың курстық оқыту үдерісінде немесе өзіндік жұмыс кезінде пайдаланатын оқу-әдістемелік материалдар жиынтығы;

5) мақала және эссе жазу үлгілері ұсынылады.

Оқу нәтижелерін бағалау

15. Бағдарламаны іске асырудың қорытындысы бойынша бақылау жұмысын бағалау өлшемдері.

«Сынақ» (тест: 50 пайыз және одан жоғары) – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері орындалған тапсырманың кәсіби құзіреттілікті дамытуға ықпал ететінін түсінеді, біліктілік санаттарын қорғауға дайындалады, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданады, шығармашылық тақырып таңдау, негіздеу, авторлық бағдарлама және әдістемелік көмекші құралдар дайындауға бағыт алады, әріптестерімен пікір алмасады, ой бөліседі, тәжірибе жинақтайды, күнделікті іс-әрекет барысында проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын бағалайды.

«Сынақтан өтпейді» (тест: 50 пайыздан төмен) – қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері орындалған тапсырманың кәсіби құзіреттілікті дамытуға ықпал ететінін жете түсінбейді, біліктілік санаттарын қорғауға дайындалуда енжар, белсенділігі төмен, тапсырманы орындау үшін білімдерін қолданбайды,

шығармашылық тақырып таңдау, негіздеу, авторлық бағдарлама және әдістемелік көмекші құралдар дайындауда қиындықтар туындайды, әріптестерімен пікір алмасуда ойларын ортаға салмайды, тәжірибе жинақтай алмайды, күнделікті іс-әрекет барысында проблемаларын шешу үшін тапсырманы орындау маңыздылығын төмен бағалайды.

16. Курс сабақтарын өткізу нысандары: дәрістер, диалог-дәрістер, практикалық сабақтар, шығармашылық шеберханалар, шеберлік сыныптар, тренингтер, жобаларды қорғау, мультимедиялық презентациялар, интерактивті әдістер, квест, практикалық талдау, шағын топтағы жұмыстар; шеберлік сағаттары, дискуссия және тағы басқа.

17. Курс тыңдаушыларының мақсатты тобы: жалпы білім беретін мектептердің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері.

18. Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

Өз кәсіби құндылықтарына, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын құндылық бағдарлы ұйымдастыру үдерісіне талдау жасау дағдыларын меңгереді;

Оқушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасайды;

Оқу үдерісінде оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастыру міндеттерін шешу үшін қалыптасқан күзiреттiлiктi қолдануға дайындығын көрсетеді.

Курстан кейінгі қолдау

19. Курстан кейінгі қолдау нәтижелерін талдау және білім беру бағдарламаларының тиімділігін мониторингтеу үш жылда кемінде 1 рет жүргізіледі.

20. Біліктілікті арттыру курсынан алған білімдері мен дағдыларын білім беру ұйымдарында педагогикалық тәжірибеде қолдануда қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне әдістемелік бағытта жеке және ұжымдық кеңес беріледі, қолдау көрсетіледі.

21. Курстан кейінгі әдістемелік қолдау университетінің профессор, оқытушылар құрамының курстан кейінгі кезеңде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне атаулы ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-әдістемелік қолдау көрсетуіне бағытталған өзара байланысты іс-қимылдар, іс-шаралар өткізіледі.

22. Педагог қызметін курстан кейінгі қолдауды жүргізудің түрлері:

1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;

2) педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелерін жариялауға дайындауда кеңес беру;

3) педагогтердің педагогикалық қызметін ұйымдастыру және қолдау, оның ішінде тәжірибе алмасу бойынша іс-шаралар (конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б.) өткізу.

4) тәрбиешілердің, білім беру ұйымдарының білім беру қажеттіліктерін

талдау және оларды курстық іс-шараларды дайындау кезінде ескеру;

5) тыңдаушылардың дайындық деңгейінің кіріс диагностикасы, олардың кәсіби қиындықтары;

6) білімді игеруді ағымдағы және аралық бақылау;

7) тыңдаушылардың оқытудың мазмұны мен ұйымдастырылуына, оқыту сапасына тікелей курс барысында қанағаттануын зерттеу.

23. Курстан кейінгі қолдаудың формалары мен әдістері:

Бастауыш және орта білім беру жүйесінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға байланысты барлық өзгерістер туралы педагогтарды әдістемелік қолдау және уақтылы хабардар ету үшін келесі мүмкіндіктер қолданылады:

- әр түрлі байланыс құралдары: электрондық пошта, әлеуметтік медиа мессенджерлері (Facebook, WhatsApp), Google қызметтері (Duo, Hangouts);

- қалалық, аймақтық, республикалық, халықаралық қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің желілік әдістемелік бірлестігі;

- Ұлттық құндылықтар Академиясы.

24. Курстан кейінгі қолдау ресурстық қамтамасыз ету үшін:

курс тақырыбы бойынша электрондық материалдар (әдістемелік құралдар, тірек материалдар, интернет-дереккөздердің сілтемелері және т. б.) педагогикалық басылымдарға мақалалар жариялау.

25. Кәсіби даму траекториясын іске асыру үшін:

Бастауыш және орта білім беру мекемелерінің сұраныстары бойынша кеңес, шығармашылық дәрістер ұйымдастырылады;

авторлық, үлестік, вариативтік бағдарламалар дайындау бойынша кеңестер бағыт беріледі, қолдау көрсетіледі, пікір жазылады;

қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін құндылық бағдарлы ұйымдастыруға арналған электронды білім беру ресурстарын бірлесіп әзірлеу, авторлық құқығын алу жүзеге асырылады;

қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша бағдарлама, оқулық, тест тапсырмаларын әзірлеу, сараптау жұмыс топтарына қатысады.

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

2. Бала құқығын қорғау Конвенциясы - 1989 жылғы 20 қараша. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345_

5. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

6. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343_

7. Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 78 бұйрығымен бекітілген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029835#z3>

8. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында педагогтің біліктілік сәйкестігін растау және оны беру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген.

9. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 18 мамырдағы № 221 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын, үлгілік оқу бағдарламаларын сараптау және сынақтан өткізу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидалары

11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламалары

12. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 97 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерге қажеттілігін болжау әдістемесі

13. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 1 сәуірдегі № 123 Бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары

14. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары

15. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018172>

16. Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

17. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077_

18. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 320 б.

19. Тойбазарова Н.А. Интербелсенді оқыту технологиясы. Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» унив. баспасы, 2019. – 89 бет.

20. Оразбаева Ф.Ш. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Қарағанды, 2019. – 656 б.

21. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Қазақ тілін оқыту әдістемесі: Оқу құралы. – Қарағанды «Medet Group» ЖШС, 2019. – 234 б.

22. Барулин В.С. Социальная философия. Учебник. – Изд. 2-е. – М.: Фаир-Пресс, 1999. – 560 с.

23. Философский энциклопедический словарь /Ред.кол.: С.С.Аверинцев, Э.А. Араб-Оглы, Л.Ф. Ильевич и др. 2-е издание. М.,1989.-815 с.

24. Қалиева А.Қ. Оқушыларға рухани адамгершілік құндылықтар арқылы тәрбие беру мәселелері. // Менеджмент в образовании - 2002. №4 , 126-128 б.

25. Әл-Фараби Әбу Насыр Қайырымды қала. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2015. – 284 б.

26. Қайдар Ә. Мәдениеттің негізі - тілде // Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет (Профессор Ш.Сарыбаевтың 75 жылдығына орай ұйымдастырылған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары). – Алматы: Арыс, 2001. – 183 б.

27. Караковский В.А. Стать человеком. Общечеловеческие ценности основа целостного учебно-воспитательного процесса. - М., 1993. - 80 с.

28. Нұрмұратов С., Бижанова М. Түркі ойшылдарының құндылықтар әлемі. – 2014.

29. <http://repository.atu.kz/handle/123456789/1119>

30. Спанов, М. Ж. (2021). Далалық мәдениеттің құндылықтары. Аль-Фараби, 75(3). <https://doi.org/10.48010/2021.3/1999-5911.06>

31. Вязникова Л.Ф. Ценности в образовании: выбор пути развития // Психологическая наука и образование. 2002. Том 7. № 4. С. 88–98.

32. Гузева Н.Ю. Ценностно-ориентированное обучение: методология и практика: монография. – Ульяновск: Зebra, 2015. – 98 с.

33. Дүйсебек Ә. Т. Білім беру мазмұнына ұлттық, рухани-адамгершілік құндылықтарды енгізудің әдіснамалық аспектілері. – 2021.

34. Ширинбаева Г., Азимбаева Д., Иниязова А. Педагогикалық білім беру контексінде ізгілікті ортаны ұйымдастырудың аксиологиялық аспектілері // Вестник Серия «Филологические науки». – 2020. – Т. 1. – №. 1 (71). – С. 659-665.

35. Бөлетова Р. А. Ұлттық құндылықтар арқылы дамыту-білім беру жүйесін жетілдіру факторы ретінде // Qazaqtaný. – 2019. – №. 4. – С. 278-281.

36. Жумабаева А. Е. т.б. Мобильді білім беру ортасын құру арқылы болашақ бастауыш білім педагогтерін ұлттық құндылықтарға баулу мүмкіндіктері // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки».

– 2022. – Т. 75. – №. 3. – С. 156-165.

37. Теленова Г. Қ., Айжанова А. Т. Рухани құндылықты қалыптастыру-білім беру жүйесінің басты мақсаты. – 2018.

38. Медетбекова М. А. Жеке тұлғаның құндылық бағдары //The edition is included into Russian Science Citation Index.© Vědecko vydavatelské centrum «Sociosféra-CZ», 2014. – С. 26.

39. Искакова П. К., Зубайраева З. А. Жеткіншек жастағы балалардың құндылық бағдарларын қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері //Іасауі університетінің һаһаршыһу. – 2022. – Т. 3. – №. 125. – С. 176-187.

40. Кенжеахметова З. С. Ұлттық құндылықтарды тәрбие беру барысында қолданудағы мүмкіндіктер //инновации в образовании: поиски и решения. – 2015. – С. 257-259.

41. Исраилова Ф. А. Оқушылардың құндылық бағдарын қалыптастырудың амалдары //Global Science and Innovations: Central Asia (см. в книгах). – 2021. – Т. 3. – №. 1. – С. 60-65.

42. Баярыстанова Э. Т. Жастардың білімге құндылық қатынасын қалыптастырудың философиялық-әдіснамалық негіздері //Yessenov University ректоры ББ Ахметов жалпы редакциялығымен Редакциялық алқа. – С. 364.

43. Еркінбаев У., Исаева Ж., Жорабай Т. Ұлттық құндылықтардың орта білім мазмұнында берілу аспектілері (қазақ тілі мен әдебиеті пәні негізінде) //Іасауі університетінің һаһаршыһу. – 2021. – Т. 1. – №. 119. – С. 162-171.

44. Инклюзивті білім беру: Оқу-әдістемелік құрал. Құраст.: Дорота Подгорска-Яхник, Ш.Т. Габдрахманова, В.Т., Арыстанғалиева, О.А. Панищева. – Орал: «М.Өтемісов атындағы БҚУ» редакциялық-баспа орталығы, 2020. - 204 б.

45. Оспанбаева М.П. Инклюзивті білім беру мазмұны және әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 232 бет.

46. Абдукаимов А., Байкабилов У. Қазақ жастарын адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу //Scientific progress. – 2022. – Т. 3. – №. 5. – С. 230-237.

47. Мырзабай С. Балалықтан даналыққа. – Отбасы хрестоматиясы.-басылым. – Алматы, 2022. – 256 б.

48. Аманаты алаштың. Балаларға арналған энциклопедия. / Автор-құраст.: Т.Қ.Шаңбай. - Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2018. - 248 бет.

49. Бижанова М.А. Түркі даналығындағы бақыт метафизикасы / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 204 б. <https://e-history.kz/kz/library/show/24814>

50. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Азаматтық саясат. Бақытқа жолын сілтеу. Бақытқа жету жайында // Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық. ӘлФараби философиясы. – Астана: Аударма, 2006. – 2-т. – 507 б.

51. Бурбаев Т. Қазақ менталитетінің даму ерекшеліктері. – Астана: Елорда, 2005. – 287 б.

52. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: ҚР БҒМ ФЖСИ, 2000. – 180 б.

- 53.** Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә., Ғабитов Т. Әдеп негіздері. – Алматы: Мұраттас, 1997. – 125 б.
- 54.** Құнанбайұлы А. Өлеңдер мен аудармалар. // Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – 1-т.– 226 б.
- 55.** Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті (Қазақ әдебиеті бастаулары). – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
- 56.** Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 178 б.
- 57.** Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь. М.: Академия, 2003. — 176 с.
- 58.** Философский словарь / А.И. Абрамов и др.; под ред. И.Т. Фролова. – М.: Республика, 2001. – 719 с.
- 59.** Қасқабасов, С. А. Қазақтың халық прозасы. Ғылыми басылым. - Алматы: Ғылым, 1984. - 271 б.